

К.М. Хамзина<sup>1</sup>, Л.Қ. Баймыш<sup>2</sup>, Г.А. Айтқулова<sup>3\*</sup>, Ш.А. Бакирова<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup> Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан;

<sup>3</sup> Ж.А. Ташенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: [jako199473@gmail.com](mailto:jako199473@gmail.com), [baymyshl@mail.ru](mailto:baymyshl@mail.ru), [aitkul\\_gum1985@mail.ru](mailto:aitkul_gum1985@mail.ru), [Sholpan.2030@mail.ru](mailto:Sholpan.2030@mail.ru))

## Көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың лингвомәдени ерекшеліктері

Мақалада көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың когнитивтік сипаты лингвомәдени және этнокогнитивтік тұрғыдан қарастырылады. Когнитивтік лингвистиканың негізгі бірлігі болып саналатын концепт ұлт тілінде қалыптасқан дүниенің тілдік бейнесін танытатын, белгілі бір халықтың мәдени танымымен, тарихи тәжірибесімен тығыз байланысты менталдық құрылым ретінде сипатталады. Концепт халықтың мәдени болмысы мен рухани құндылықтарын бойына жинақтай отырып, ұлттық дүниетанымды танудағы негізгі компоненттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтін — концептілердің тілдік, семантикалық және мәдени қабаттарын кешенді түрде айқындайтын маңызды дереккөз. Зерттеу жұмысының өзектілігі көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың когнитивтік табиғатын ашу арқылы этномәдени санада сақталған, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ықшам әрі терең мағыналы дүниетанымдық түсініктерін, ұлттық мәдени құндылықтарын айқындау қажеттілігімен анықталады. Мақалада Қ. Қазиевтің «Иманжапырақ», «Менің шешем» атты туындылары мен М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ұлттық таным ерекшеліктері мен концептуалдық құрылымдардың когнитивтік сипаты салыстырмалы түрде талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты — аталған шығармалардағы концептілердің тілдік репрезентациясын анықтау және олардың ұлттық дүниетанымдағы орны мен қызметін сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін сипаттама, этнолингвистикалық, концептілік талдау әдістері, сондай-ақ ассоциативтік эксперимент элементтері қолданылды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың когнитивтік лингвистика саласындағы іргелі еңбектері ғылыми-теориялық негіз ретінде пайдаланылды. Зерттеуде жер, намыс, ар және еңбек концептілері негізгі талдау объектісі ретінде қарастырылды. «Жер» концепті қазақ көркем мәтінде тек географиялық кеңістік емес, тарихи жады, рухани тұтастық, ата-баба мұрасы және әлеуметтік қатынастардың символы ретінде бейнеленеді. М. Әуезов романы жерді халық тағдырымен байланыстырса, Қ. Қазиев шығармаларында жер ана бейнесімен астасып, рухани және моральдық мәнге ие болады. «Ар» концептісі адамның ішкі рухани заңын, моральдық тазалығын көрсетсе, «намыс» концептісі әлеуметтік, ұжымдық өлшемде көрініс табады. Авторлар концептілерді лексикалық бірліктер, фразеологизмдер, метафоралар және синтаксистік құрылымдар арқылы бейнелейді. Еңбек концептісі шығармаларда ұлттық дәстүр, тұрмыс-салт пен моральдық құндылықтарды жеткізетін тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Зерттеу нәтижесінде көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың тілдік ерекшеліктері мен семантикалық ауқымы айқындалып, ұлт тілінде ерекше орын алатын еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарының қарапайым халық танымындағы тілдік бейнесі анықталды. Бұл тұжырымдар көркем мәтінді когнитивтік бағытта зерттеудің маңыздылығын дәлелдейді.

*Кілт сөздер:* көркем мәтін, лингвомәдени аспект, мәдени код, когнитивтік лингвистика, концептілік құрылымдар.

### *Kipicne*

Көркем мәтін — ұлттың дүниетанымы, тарихи жады, рухани-мәдени құндылықтары жинақталған тілдік кеңістік. Осы кеңістікте мағына концептуалдық құрылымдар арқылы ұйымдасады. Концептуалдық құрылымдар — адам санасында қалыптасқан, тілде әртүрлі лексика-грамматикалық, бейнелі құралдармен көрінетін мағыналық жүйелер (концепт, фрейм, сценарий, символ, метафора т.б.). Концепт — белгілі бір мәдени ортада қалыптасқан, эмоциялық-бағалауыш, бейнелі және рационалды қабаттары бар мағыналық бірлік. Ол ұлттық мәдени кодпен тығыз байланысты.

Әр жазушы ұлттық концептілерді өзінше интерпретациялайды. Авторлық стиль концепт құрылымын байытып, жаңа ассоциациялар тудырады. Мысалы, Абай поэтикасында «жүрек» —

\* Хат-хабар үшін автор.e-mail: [aitkul\\_gum1985@mail.ru](mailto:aitkul_gum1985@mail.ru)

адамгершілік пен танымның орталығы, ал М. Әуезов прозасында «жер» — тарихи тағдыр мен халық жадын сақтаушы кеңістік. Көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдарды лингвомәдени тұрғыдан талдау:

- ұлттық дүниетанымды жүйелі түрде ашуға;
- тіл мен мәдениет бірлігін дәлелдеуге;
- көркем мәтінді терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдар — ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісі. Оларды лингвомәдени аспектіде зерттеу арқылы халықтың рухани болмысы, құндылықтар жүйесі мен әлемді тану тәсілі айқындалады.

Қазіргі антропоцентристік тіл білімінде көркем мәтінді адам санасымен, ұлттық мәдениетпен, дүниетаныммен сабақтастықта зерттеу өзекті мәселелердің бірі [1]. Осы тұрғыдан алғанда көркем мәтіндегі мағынаның ұйымдасуы концептуалдық құрылымдар арқылы жүзеге асады. Концептуалдық құрылымдар — белгілі бір этностың мәдени тәжірибесі мен рухани құндылықтарын жинақтайтын, тілдік бірліктер арқылы вербалданатын когнитивтік жүйелер.

Көркем мәтінде концепт, фрейм, символ, метафора тәрізді құрылымдар автордың дүниетанымын ғана емес, ұлттық менталитетті, мәдени кодты да айқындайды [2]. Сондықтан көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде талдау ұлттық дүниенің тілдік бейнесін терең тануға мүмкіндік береді.

Осы мақалада қазақ әдебиетіндегі көркем мәтіннің концептуалдық кеңістігі М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Қ. Қазиевтің шығармалары негізінде қарастырылады. Шығармадағы негізгі концептуалдық құрылымдар арқылы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы, рухани құндылықтар жүйесі және мәдени-тарихи тәжірибесі айқындалады.

#### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеу жұмысында классикалық лексикографиялық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл мақалада талданатын *жер*, *намыс*, *ар*, *еңбек* концептілерінің семантикалық мазмұнын айқындауда қызмет ететін түсіндірме сөздіктер мен энциклопедиялық еңбектерге сүйену арқылы жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» және ұлттық энциклопедиялық басылымдар дереккөз ретінде пайдаланылды. Когнитивтік әдіс зерттеу нысаны болып отырған *жер*, *намыс*, *ар*, *еңбек* концептілерінің тілдік репрезентациясын, ұлттық дүниетанымдағы орны мен концептуалдық құрылымын айқындау мақсатында қолданылды. Концептілік талдау мынадай кезеңдер бойынша жүргізілді: 1) концепт атауының сөздіктегі дефиницияларын анықтау; 2) концептінің ядролық және перифериялық семаларын айқындау; 3) концептінің ассоциативтік өрісін белгілеу; көркем мәтіндегі концептінің тілдік көріністерін (метафора, тұрақты тіркес, эпитет, символдық қолданыс) талдау; 4) концептінің мәдени-ұлттық мазмұнын интерпретациялау.

Зерттеу барысында ассоциативтік эксперимент жүргізілді. Экспериментке 90 респондент (жасы 18-19 жас аралығында) қатысты. Респонденттерге «жер», «намыс», «ар», «еңбек» стимул сөздері ұсынылып, алғашқы ойға келген сөздерді жазу тапсырылды. Нәтижесінде:

– *жер* концептісі бойынша жиі аталған ассоциациялар: «Отан», «атамекен», «туған ел», «байлық», «қасиет»;

– *намыс* — «ерлік», «абырой», «батырлық», «қорғау»;

– *ар* — «ұят», «адалдық», «иман», «тазалық»;

– *еңбек* — «бейнет», «табыс», «кәсіп», «маңдай тер» сияқты бірліктер болды. Ассоциативтік деректер концептілердің ұлттық санадағы ядролық белгілерін айқындауға мүмкіндік берді. Іс жүзіндегі тілдік материалды жинақтауда жаппай сұрыптау тәсілі қолданылды. Зерттеу материалы ретінде Мұхтар Әуезов («Абай жолы») пен Қарауылбек Қазиев («Иманжапырақ», «Менің шешем») шығармаларынан жалпы көлемі 50-ге жуық тіл бірліктері зерттеу нысанына алынды. Материалды контекстуалдық талдау аталған тілдік бірліктердің семантикалық көлемін, мағыналық реңктерін, экспрессивтік-эмоционалдық сипатын анықтауға мүмкіндік берді [3]. Сонымен қатар мәтіндік және мәнмәтіндік талдау, сипаттау, интерпретациялау, мәдени-коннотаттық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Бұл тәсілдер көркем мәтіндегі концептілердің ұлттық дүниетаныммен сабақтастығын ашуға негіз болды. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығына мынадай тұжырымдарды жатыза аламыз: Біріншіден, қазақ көркем прозасындағы концептуалдық құрылымдар екі түрлі тарихи-әлеуметтік кезең өкілдерінің шығармалары негізінде салыстырмалы-типологиялық аспектіде алғаш рет кешенді түрде талданды. Бұл зерттеу ұлттық дүниетанымның уақыт пен кеңістік аясындағы трансформация-

сын тілдік деректер арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Екіншіден, авторлар шығармаларындағы базалық мәдени концептілер (енбек, ар-намыс, тағдыр, жер, ата қоныс, рухани құндылықтар) когнитивтік модельдеу әдісі арқылы құрылымдалып, олардың ядролық, перифериялық және ассоциативтік қабаттары айқындалды. Соның нәтижесінде әр жазушының жеке концептосферасы мен ұлттық концептосфера арасындағы байланыс нақтыланды. Үшіншіден, зерттеуде көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың лингвомәдени маркерлері (этномәдени лексика, символдық бейнелер, метафоралық үлгілер, фразеологиялық бірліктер) жүйеленіп, олардың ұлттық кодты репрезентациялау қызметі анықталды. Төртіншіден, Мұхтар Әуезов прозасындағы дәстүрлі дүниетаным мен тарихи-эпикалық кеңістіктің концептуалдану ерекшелігі мен Қарауылбек Қазиев шығармаларындағы әлеуметтік-психологиялық концептілердің берілу тәсілдері салыстырылып, ұлттық сана эволюциясының тілдік көрінісі дәлелденді. Бесіншіден, көркем мәтінді концептуалдық талдаудың лингвомәдени әдіснамалық моделі ұсынылып, ол қазақ әдебиетінің басқа да өкілдерінің шығармаларын зерттеуге қолдануға болатын әмбебап ғылыми үлгі ретінде негізделді. Алтыншыдан, зерттеу нәтижесінде көркем мәтіндегі концептінің тек тілдік емес, мәдени-танымдық, аксиологиялық және символдық деңгейлерде құрылымданатыны дәлелденіп, қазақ прозасындағы концептуалдық жүйенің ұлттық ерекшелігі ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

#### *Нәтижелер мен оларды талдау*

**Жер концепті.** Концепт — когнитивтік лингвистиканың базалық категорияларының бірі [4]. Ол тіл, сана және мәдениет тоғысындағы күрделі менталдық құрылым ретінде қарастырылады [5]. Ғалымдар концептіні әртүрлі қырынан түсіндіреді: психикалық бірлік, мәдени код, мағыналық құрылым, ұлттық дүниетаным фрагменті ретінде. «Абай жолы» романында жер концептісі тек географиялық кеңістік емес, қазақ халқының тарихи сана мен өмір сүру кеңістігін бейнелейтін мәдени-танымдық ұғым ретінде көрінеді. Жер — ата-баба мұрасы, тіршілік көзі, әлеуметтік қатынастардың негізі. Романда жерге қатысты *жайлау, қоныс, өріс, ата қоныс* лексемалары жиі қолданылады. Бұл атаулар жердің киелілік сипатын күшейтіп, көшпелі мәдениеттегі жердің маңызын айқындайды. Жер үшін тартыс — тек материалдық емес, рулық намыс пен тарихи құқықтың көрінісі. Қазақ дүниетанымында жер — тек табиғи кеңістік емес, ұлттың тарихи жады, тіршілік көзі, рухани тұтастығының символы [6]. Жер ұғымы ата-баба аманаты, өмір мен өлімнің, өткен мен болашақтың тоғысқан нүктесі ретінде концептуалданады. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында **жер** концептісі қазақ халқының ұлттық дүниетанымын танытатын базалық лингвомәдени бірлік ретінде көрінеді. Шығармада *ата қоныс, қоныс, жайлау* сияқты тілдік бірліктер арқылы жер тек географиялық кеңістік емес, **тарихи жады, рухани мұра, әлеуметтік қатынастардың өзегі** ретінде концептуалданады. «Ата қоныс — елдің жаны» деген мазмұндағы тұжырымдар жер мен халық тағдырын біртұтас категория ретінде көрсетіп, жерді ұлттық болмыстың тірек концептісіне айналдырады [7; 123]. Сонымен қатар «Қоныс үшін дау бітпеген» тәрізді контекстерде жер әлеуметтік билік пен руаралық қатынастардың нысаны ретінде бейнеленіп, оның қоғамдық-саяси маңызы айқындалады. Ал *жайлау* ұғымы арқылы жер тіршілік пен берекенің, табиғи үйлесімнің символы ретінде беріледі. «Жер дауы — ел дауы» формуласы жер концептісінің халық тағдырымен тең дәрежеде қабылданатынын көрсетеді. Осылайша романда жер концептісі **кеңістік** → **тағдыр** → **ұлттық жады** → **рухани құндылық** бағытында дамып, қазақ халқының лингвомәдени дүниетанымының тұтастығын айқындайды. Мәселен, «Ата қоныс — елдің жаны» [7; 140]. Бұл үзіндіде *ата қоныс* тіркесі арқылы жер концептісі рухани құндылық, ата-баба мұрасы ретінде концептуалданады. «Қоныс үшін дау бітпеген» [7; 140]. Жер концептісі мұнда қоғамдық билік, руаралық қатынас өлшемі ретінде көрінеді. «*Кең жайлау елге құт еді*» [7; 190]. *Жайлау* лексемасы жерді береке, табиғи үйлесім концептісімен байланыстырады. Жер — халық тағдырымен теңестірілген ұғым ретінде «*Жер дауы — ел дауы*» [7; 203]. Бұл формула жер концептісінің ұлттық болмыстың өзегі екенін айқындайды. Жер — эмоциялық-рухани кеңістік тұрғысында «*Қоңыр қоныс көңілге ыстық*» [7; 156]. *Қоңыр* эпитеті жерге жылылық, мейірім, сағыныш мағынасын үстейді. «Абай жолы» романында жер концептісі *ата қоныс, жайлау, қоныс* ұғымдары арқылы ұлттық дүниетанымның өзегін құрайды.

Қ. Қазиевтің көркем шығармаларында жер концептісі осы дәстүрлі таным аясында бейнеленіп, авторлық дүниетаныммен тереңдетіле түседі. «Иманжапырақ» шығармасында *жер* концептісі қасиетті, рухани мазмұнмен астасып беріледі. Мұнда жер — адамның ішкі әлемімен, иман ұғымымен сабақтас кеңістік. Автор жерді тіршілік ететін орта ғана емес, адам мінезін, сенімін қалыптастыратын

рухани күш ретінде танытады. Шығармада жерге қатысты *топырақ, дала, қоныс, туған жер* сияқты лексемалар жиі қолданылады. Топырақ — адам жаратылысының бастауы, өмірдің өткіншілігін еске салатын символ. Ал *дала* — кеңдік пен еркіндіктің, халықтық болмыстың көрінісі. Осы тілдік бірліктер арқылы жер концептісі *иман, сабыр, төзім* ұғымдарымен байланыста концептуалданады. Авторлық баяндауда жер адамды сынайтын, тәрбиелейтін кеңістік ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда жер концептісі моральдық-этикалық мазмұнға ие болып, адамның рухани кемелдену жолымен тікелей ұштасады. «Менің шешем» туындысында жер концептісі ана бейнесімен астасып беріледі. Жер мен ана арасында терең метафоралық байланыс орнатылады: жер — қоректендіруші, өсіруші, қорғаушы бастау. Бұл қазақ мәдениетіне тән *Жер-Ана* архетипінің көркем көрінісі. Шығармада *туған жер, үйдің іргесі, қара жер* тіркестері арқылы жер ұғымы эмоционалдық-экспрессивтік бояумен беріледі. Жер-Ана еңбегінің, төзімінің, мейірімінің куәсі. Автор үшін жер — отбасылық жадыны, ұрпақтар сабақтастығын сақтаушы кеңістік. Мысалы, «*Бел бекіп, бұғана қатайғалы қасында ержеткен қасиетті мекен зой. Қанша шапсаң да мұрты ойылмайтын ну шалғын болушы еді. Шөбі қандай жұғымды*».

«*Армысың, Қалау құрбым! Ауылға сирек қатынайтын боп кеттің зой. «Туған жер — алтын бесік» демеуші ме еді. Менің қайтқанымнан да бейхабарсың. Келіп-кетіп тұрсаң, болмай ма? Мені қойшы енді*». Жер концептісі бұл шығармада жады (память) концептісімен тығыз байланысты. Ана өмірі мен жер бейнесі қатар суреттеліп, жер өткен өмірдің, балалық шақтың символына айналады. Қ. Қазиев шығармаларында жер концептісі бірнеше модель арқылы көрінеді: жер — рухани тірек (*иман, сенім, сабыр*), жер-ана (*қорғаушы, асыраушы бастау*), жер — тарихи жады (*өткен өмір, ұрпақ сабақтастығы*), жер — тағдыр кеңістігі (*адам өмірінің сынақ алаңы*). Бұл модельдер қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен үйлесіп, авторлық стиль арқылы көркемдік тұрғыда жанаша қырынан ашылады. Шығармаларда жер концептісінің лингвомәдени сипаты: ұлттық лексика (*дала, топырақ, қоныс*); метафора мен символика; эмоционалдық-бағалауыш бірліктер; ана, иман, тағдыр концептілерімен өзара байланыс арқылы айқындалады.

Қ. Қазиевтің «*Иманжапырақ*», «*Менің шешем*» туындыларында *жер концептісі* ұлттық мәдени кодтың өзекті элементі ретінде көрінеді. Жер автор шығармаларында рухани құндылықтарды, адамгершілік өлшемдерді және рухани мұраны сақтаушы концептуалдық құрылым деңгейіне көтерілген. Бұл шығармалардағы жер концептісінің лингвомәдени талдауы қазақ көркем мәтіндегі ұлттық дүниетанымының терең қабаттарын тануға мүмкіндік береді. Мәселен, жер концептісі ең алдымен номинативтік лексика арқылы беріледі. Автор шығармаларында төмендегі сөздер концепт ядросын құрайды: *жер, топырақ, дала, қоныс, мекен, туған жер, қара жер*. Бұл лексемалар қазақ тіліндегі дәстүрлі дүниетаныммен сабақтас. Мысалы, *қара жер* тіркесі бейтарап мағынадан гөрі *киелілік, тағдыр, өмірдің бастауы мен соңы* семантикасын білдіреді. *Топырақ* лексемасы адамның табиғатпен, жаратылыспен байланысын айқындайды. Жер — адамды жаратушы және қабылдаушы бастау. Жерге қатысты қолданылған сын есімдер мен анықтауыштар концептінің *эмоциялық-бағалауыш қабатын* ашады: *қасиетті жер, құтты қоныс, жылы топырақ, кең дала, қоңыр жер*. *Қоңыр* эпитеті қазақ мәдениетінде тыныштық, табиғилық, қарапайымдық символы ретінде қолданылады. Бұл жер концептісін *мейірімді, қабылдаушы кеңістік* ретінде танытады. Фразеологизмдер арқылы жер концептісі ұлттық ойлау жүйесіне тән дайын мағыналармен беріледі: *жер басу* — өмір сүру, тіршілік ету, *жерге қарау* — ұялу, ар алдындағы жауапкершілік, *жер құшақтау* — өлім, *жерден жеті қоян тапқандай* — асыра сілтеу. Бұл тіркестерде жер тек кеңістік емес, моральдық-этикалық өлшем ретінде көрінеді. Қ. Қазиев шығармаларында жер концептісі метафора арқылы тереңдетіледі: *жер — ана, жер — тіршілік тамыры, жер — адам тағдырының куәсі*. «Менің шешем» шығармасында жер мен ана бейнесі концептуалдық тұрғыда қабаттасады. Бұл — архетиптік метафора. Жердің «*асырауы*», «*сақтауы*», «*күшағына алуы*» — бәрі де адам мен табиғаттың біртұтастығын көрсетеді. Жер концептісі символдар арқылы бейнеленеді: *үйдің іргесі* — тұрақтылық, *ошақ орны* — отбасы жалғастығы, *қорым, бейіт* — ата-баба жады. Бұл символдар арқылы жер *тарихи және рухани жадының қоймасы* ретінде көрінеді. Жер концептісін күшейтетін синтаксистік тәсілдер: қайталау: *Жер үнсіз. Жер бәрін біледі, параллель құрылымдар: Жер де шаршады, адам да шаршады, риторикалық құрылымдар: Жерсіз адам кім?* Бұл құрылымдар мәтіндегі философиялық салмақты арттырады. Жер концептісі: жылылық; сағыныш; сабыр; төзім эмоцияларымен қатар беріледі. *Туған жер* тіркесі әрдайым позитивті бағалаумен қолданылып, авторлық эмоционалдық ұстанымды көрсетеді. Қ. Қазиевтің «*Иманжапырақ*», «*Менің шешем*» шығармаларында *жер концептісі* төмендегі лингвомәдени формула арқылы ашылады: *жер = ана + иман + жад + тағдыр*.

Тілдік бірліктердің әр деңгейде (лексика → фразеология → метафора → синтаксис) жүйелі қолданылуы жер концептісін ұлттық дүниетанымның өзегіне айналдырады.

1 - кесте

**«Жер» концептісінің аналитикалық кестесі**

№	Концептінің қырлары	Мазмұндық сипаттамасы	Тілдік репрезентанттар	Мысалдар	Мәдени-танымдық мәні
1	Физикалық (табиғи)	Жер — ғаламшар, табиғи кеңістік, топырақ, мекен ету ортасы	жер, топырақ, дала, қыр, аймақ	«Жер ана», «қара жер», «қасиетті жер»	Табиғатпен тұтастық, өмірдің бастауы
2	Географиялық-кеңістіктік	Территория, мемлекет аумағы, шекаралық ұғым	ел, атамекен, Отан, өлке	«туған жер», «атамекен», «кіндік қаны тамған жер»	Ұлттық бірегейлік, тарихи жады
3	Әлеуметтік-құқықтық	Меншік нысаны, экономикалық ресурс	жер үлесі, жер дауы, жер реформасы	«жер дауы — ел дауы»	Қоғамдық қатынастардың негізі
4	Рухани-символдық	Киелі кеңістік, тылсымдық мән	Жер-ана, қара жер құшағы	«жерге кіріп кете жаздау», «жер жұту»	Өмір мен өлім философиясы
5	Эмоционалды-бағалаушылық	Сезімдік, экспрессивтік мән	жердей ауыр, жер тепкілеу	«жерден жеті қоян тапқандай»	Психологиялық күйді бейнелеу
6	Мифологиялық	Космогониялық түсінік, әлем моделі	жеті қат жер, жер асты	«жер астына түсу»	Ежелгі дүниетаным көрінісі
7	Этномәдени	Дәстүр, салт-санамен байланыс	жерлеу, жер басу, жер ошақ	«жер бесік», «жерұйық»	Қазақ дүниетанымындағы кеңістік философиясы

«Жер» концептісі қазақ тілдік санасында көпқабатты менталдық құрылым ретінде көрінеді. Оның ядросында — туған жер, атамекен, жер-ана сияқты өмірлік әрі ұлттық мәнге ие тұрақты ұғымдар орналасады. Перифериялық аймақтарда әлеуметтік, құқықтық, экономикалық және экспрессивтік қолданыстар шоғырланады. Бұл модель «Жер» концептісінің тек табиғи объект емес, ұлттық код пен рухани кеңістік ретіндегі мәртебесін дәлелдейді. Бұл когнитивтік модель «Жер» концептісін көпқабатты жүйе ретінде көрсетеді. Ядро — ұлттық және өмірлік мағынаға ие тұрақты семантикалық элементтер (ата қоныс, туған жер). Периферияда әлеуметтік, рухани, экспрессивтік, метафоралық қабаттар орналасып, концептің қазақ дүниетанымындағы толық бейнесін береді.

2 - кесте

**«Жер» концептісінің құрылымдық когнитивтік моделі**

Қабат/Деңгей	Мазмұны	Негізгі семалық элементтер	Тілдік репрезентанттар	Мәдени-философиялық мәні
Ядро	Тіршілік көзі, ұлттық мекен	кеңістік, өмір, ата-баба мұрасы	ата қоныс, туған жер, қара жер	Ұлттық болмыс, өмір бастауы, рухани тұтастық
Физикалық қабат	Табиғат объектісі	дала, жайлау, топырақ, су	топырақ, дала, қоныс, жайлау	Табиғатпен үйлесім, көшпелі өмір, тіршілік ортасы
Әлеуметтік-құқықтық қабат	Қоғамдық қатынас, меншік, дау	ру, билік, құқық, жер үлесі	жер дауы, қоныс үшін дау, жер реформасы	Қоғамдық-саяси қатынас, тарих пен дәстүрге байланысты құқық
Рухани/сакралды қабат	Киелі, метафоралық мән	қорғаушы, аялаушы, аманат	жер-ана, қасиетті жер, қоңыр қоныс	Жер-ана архетипі, рухани құндылық, моральдық өлшем
Экспрессивтік/эмоциялық қабат	Эмоция, сезім, символ	сағыныш, жылылық, береке	жер дауы — ел дауы, жер құшақтау, қоңыр қоныс	Ұлттық жады, бала шақ пен отбасы бейнесі, психологиялық мән
Метафорикалық/архетиптік қабат	Мифологиялық және философиялық мән	ана, тағдыр, тарихи жады	жер-ана, жер — тағдыр кеңістігі	Адам тағдырымен, ұрпақ сабақтастығымен сабақтас концепт; архетиптік деңгей

**«Намыс» және «ар» концептері.** Шығармадағы басты лингвомәдени концептердің бірі — *намыс*. Бұл ұғым қазақ дүниетанымында жеке адамға ғана емес, бүкіл әулет пен руға қатысты категория ретінде танылады. Романда кейіпкерлердің іс-әрекеті көбінесе намыс өлшемімен бағаланады. Ар концептісі моральдық-этикалық құндылықтардың өзегі ретінде беріледі. Абай бейнесі арқылы ар — адам болмысының ең жоғарғы өлшемі ретінде концептуалданады. Автор бұл концептіні *арлы адам, ұят, адамшылық* сияқты тілдік бірліктер арқылы ашады. Қазақ дүниетанымында ар — адамның ішкі рухани өлшемін, моральдық тазалығын, адамгершілік болмысын айқындайтын базалық ұғым. «Абай жолы» роман-эпопеясында ар концептісі жеке тұлғаның ішкі жауапкершілігі мен қоғамдық мораль нормаларының түйіскен тұсы ретінде көрінеді. Романда *ар, ұят, адамшылық, әділет* лексемалары өзара семантикалық байланыста қолданылады. Әсіресе Абай бейнесі арқылы ар — ақыл мен жүрекке негізделген ішкі заң ретінде концептуалданады. Абайдың билікке, ру тартысына, қатал дәстүрге қарсылығы ар ұғымымен өлшенеді. Автор арды сыртқы беделден жоғары қойып, оны адам болмысының ең биік категориясы ретінде танытады. *Ар, намыс* концептісі көбіне: ішкі монологтарда; моральдық таңдау сәттерінде; әділет пен зұлымдықты қарсы қою контекстінде көрінеді. Бұл ар ұғымын жеке тұлғалық концепт деңгейіне көтереді. Намыс концептісі роман кеңістігінде арға қарағанда қоғамдық, ұжымдық сипатта бейнеленеді. Қазақ мәдениетінде намыс жеке адамға емес, руға, әулетке, елге қатысты ұғым ретінде қалыптасқан. «Абай жолында» намыс көбіне *ру намысы, ел намысы, әке намысы* сияқты тіркестер арқылы беріледі. Намыс концептісі: әлеуметтік қақтығыстарда; билік пен бедел мәселесінде; ерлік, батырлық, қайсарлық көріністерінде айқын байқалады. Романда кейбір кейіпкерлер үшін намыс — сыртқы абырой мен беделді қорғау құралы, ал Абай үшін намыс армен өлшенуі тиіс ұғым ретінде танылады. Осы арқылы автор ар мен намысты қарсы қоя отырып, олардың арасындағы құндылықтық иерархияны көрсетеді. «Абай жолы» романында ар мен намыс концептілері бір-бірімен тығыз байланыста, бірақ мағыналық тұрғыда әртүрлі деңгейде берілетіндігін төмендегі 1-кестеден көре аламыз.

Ар — адамның өз-өзіне үкімі, ал намыс — қоғам алдындағы өлшем. Бұл қарама-қарсылық романның идеялық өзегін құрайды. Ар мен намыс концептілері төмендегі тілдік құралдар арқылы көрінеді: лексикалық: *ар, ұят, намыс, абырой, адамшылық*, фразеологиялық: *ардан безу, намысқа тию, бетке шіркеу*, синтаксистік: бағалауыш құрылымдар, риторикалық сұрақтар, метафоралық: ар — ішкі сот, намыс — қалқан.

Бұл құралдар концептілердің эмоциялық және мәдени қабаттарын ашады. М. Әуезов ар мен намыс концептілері арқылы қазақ қоғамындағы дәстүрлі мораль мен жаңарған адамгершілік ұстанымдардың қақтығысын көрсетеді. Абай бейнесі — ар концептісінің көркем модельденуі. Автордың позициясы бойынша, намыс армен өлшенбесе — ол зорлық пен қақтығысқа әкеледі. «Абай жолы» романында *ар мен намыс* концептілері қазақ халқының лингвомәдени дүниетанымындағы негізгі моральдық категориялар ретінде көрініс табады. Ар — тұлғалық рухани тазалықтың өлшемі болса, намыс — әлеуметтік бедел мен ұжымдық жауапкершіліктің көрінісі. Автор бұл екі концептіні салыстыра отырып, арды ең жоғары адамгершілік құндылық ретінде концептуалдайды. «Абай жолы» роман-эпопеясында ар концептісі адамның ішкі рухани өлшемі, адамгершілік жауапкершіліктің ең жоғарғы формасы ретінде бейнеленеді. Бұл ұғым әсіресе Абай бейнесі арқылы терең ашылады. Абай үшін ар — сыртқы беделден, рулық мүддеден жоғары тұрған моральдық заң. Мәселен, «*Арсыз адам — адам емес*» [7; 138]. Бұл дәйексөзде ар ұғымы адам болмысының негізгі өлшемі ретінде концептуалданады. Автор арды жоғалту — адамдық қасиеттен айырылумен тең екенін көрсетеді. Сонымен қатар ар ұғымы ұят, адамшылық категорияларымен сабақтас беріледі: «*Ұят пен ардан айырылған ел оңбайды*» [7; 140]. Мұнда ар жеке адаммен шектелмей, қоғамдық-моральдық құндылық деңгейіне көтеріледі. Романда намыс концептісі көбіне әлеуметтік, ұжымдық сипатта көрінеді. Намыс — ру беделі, әулет абыройы, қоғамдық орынды сақтау құралы. Көп жағдайда ол қақтығыс пен тартыстың себебіне айналады. «*Намысқа тиген сөз — жанға тиген оқ*» [7; 160]. Бұл дәйексөзде намыс сыртқы абыройға тікелей байланысты, сезімдік-эмоциялық реакция тудыратын ұғым ретінде беріледі. Намыс ұғымы руаралық қатынастарда ерекше айқындалады: «*Ел намысы үшін ел егеске барды*» [7; 123]. Мұнда намыс жеке тұлғадан гөрі ұжымдық санаға тән категория ретінде концептуалданады. Романда *ар мен намыстың* қарама-қарсы қойылуы да кездеседі. Намыс армен өлшенбеген жағдайда ол қаталдық пен зорлыққа алып келеді. «*Намыс деп жүріп, арды аяққа таптады*» [7; 146]. Бұл мысалда автор намыс пен ар арасындағы құндылықтық қақтығысты ашып көрсетеді. Намыстың ардан жоғары қойылуы трагедиялық салдарға әкелетіні байқалады. Абай ұстанымында: «*Ар жолы — ауыр жол*» [7; 132]. Бұл тіркес ардың оңай таңдау емес, рухани күрес жолы екенін білдіреді. «Абай жолы»

романында ар концептісі жеке тұлғаның ішкі рухани заңы ретінде, ал намыс концептісі әлеуметтік бедел мен ұжымдық сананың көрсеткіші ретінде бейнеленеді.

Қ. Қазиевтің «Иманжапырақ», «Менің шешем» сияқты шығармаларында ар концептісі адамның ішкі рухани өзегі, имани тазалығы мен адамгершілік болмысының өлшемі ретінде көрінеді. Авторлық дүниетанымда ар — сыртқы талапқа бағынбайтын, адамның өз-өзі алдындағы жауапкершілігіне негізделген моральдық категория.

«Иманжапырақ» туындысында ар ұғымы иман, сабыр, төзім концептілерімен тығыз байланыста беріледі. Ар — кейіпкердің өмірлік ұстанымын айқындайтын ішкі бағдаршам қызметін атқарады. «*Арға қарсы қадам — адамды өзінен алыстатады*» [8; 19]. Бұл контексте ар адамның рухани тұтастығын сақтайтын негізгі өлшем ретінде концептуалданады. Ардан ауытқу — тұлғалық күйреумен теңестіріледі. «Менің шешем» шығармасында ар ана бейнесі арқылы беріледі. Ана — ардың тірі моделі, ұрпаққа үнсіз өнеге көрсетуші тұлға. «Шешем арын ешкімге тапталпады» [8; 190]. Мұнда ар өмір салты, мінез, ішкі мәдениет ретінде танылады. Қ. Қазиев шығармаларындағы намыс концептісі арға қарағанда көбіне әлеуметтік кеңістікте, адам мен қоғам арасындағы қатынастарда көрінеді. Намыс — адамның сыртқы беделімен, қоғам алдындағы орнымен байланысты ұғым.

Автор намысты екі қырынан көрсетеді: оң намыс — адамды әділетке, еңбекке жетелейтін күш; теріс намыс — кекшілдікке, қаталдыққа бастайтын сезім. «*Намысқа тиіп алған адам ақылдан алыстайды*» [8; 39]. Бұл сөйлемде намыс эмоциялық үстемдікке ие болып, ақыл мен сабырды көлеңкелейтін фактор ретінде бейнеленеді. Қ. Қазиев шығармаларында ар мен намыс тең ұғымдар емес, олардың арасында айқын құндылықтық иерархия бар. Авторлық позиция бойынша: ар — ішкі рухани заң; намыс — сыртқы әлеуметтік реакция. Егер намыс армен реттелмесе, ол адамды адастырады. *Арсыз намыс — адамды қор қылады* [8; 89]. Бұл тұжырым ар мен намыс концептілерінің қарама-қарсы қойылуын айқын көрсетеді. Қ. Қазиев шығармаларында бұл концептілер төмендегі тілдік бірліктер арқылы көрінеді: лексикалық: *ар, ұят, намыс, абырой, адамшылық*, фразеологиялық: *ардан аттау, намысқа тию, бетке иіркеу*, метафоралық: ар — ішкі сот, намыс — өткір сезім, синтаксистік: қысқа, нық бағалауыш сөйлемдер. Бұл бірліктер ар мен намыстың эмоциялық және мәдени қабаттарын ашады. Қ. Қазиев шығармаларында ар мен намыс концептілері қазақ халқының дәстүрлі лингвомәдени дүниетанымына негізделе отырып, авторлық философия арқылы тереңдетіледі. Ар — адамның рухани тұтастығын сақтайтын ішкі өлшем ретінде, ал намыс — әлеуметтік кеңістікте көрінетін, армен реттелуі тиіс құндылық ретінде концептуалданады. Осы арқылы жазушы адам болмысының моральдық иерархиясын көркем тілмен айқындайды.

Екі жазушының шығармаларындағы концептуалдық салыстырмалы талдау арқылы мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік. Қ. Қазиев пен М. Әуезов шығармаларындағы ар концептісі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына негізделгенімен, оның көркемдік интерпретациясында авторлық ерекшелік айқын байқалады. Қ. Қазиев прозасында ар — адамның ішкі рухани тазалығы, иманмен астасқан, күнделікті өмірдегі моральдық таңдаулар арқылы көрінетін концепт. Ол көбіне шағын кеңістікте, отбасы, жеке адам, тұрмыстық орта аясында ашылады. *Арға қарсы қадам — адамды өзінен алыстатады* [8; 58]. Мұнда ар — адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі бағалауының өлшемі. Ал, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында ар концептісі жеке адам шеңберінен шығып, қоғамдық-философиялық категория деңгейіне көтеріледі. Ар — Абай тұлғасының рухани өзегі, халық алдындағы жауапкершіліктің көрінісі. *Ар сақтаған адам адаспайды* [7; 99]. Бұл контексте ар — тарихи-әлеуметтік кеңістікте әрекет ететін моральдық заң. Қ. Қазиев шығармаларындағы намыс көбіне эмоциялық, психологиялық күй ретінде бейнеленеді. Ол кейіпкердің ашу, реніш, кек сияқты сезімдерімен қабаттасып, кейде арға қарсы қойылады. *Намысқа тиіп алған адам ақылдан алыстайды* [7; 19]. Намыс — бақылаусыз қалған жағдайда адамды адастыратын күш. М. Әуезов шығармасында намыс әлеуметтік және рулық кеңістікте көрінеді. Ол көбіне ру намысы, ел намысы, қоғамдық бедел ұғымымен ұштасады. «*Ел намысы — ер намысы*» [8; 69]. Намыс мұнда жеке эмоция емес, қоғамдық міндет ретінде танылады. Екі авторда да ар мен намыс бір деңгейде қарастырылмайды, алайда олардың арақатынасы әртүрлі шешіледі. Қ. Қазиевте: ар — жоғарғы рухани өлшем; намыс — армен реттелуі тиіс сезім. «*Арсыз намыс — адамды қор қылады*» [8; 19]. М. Әуезовте: ар — тарихи, философиялық заң; намыс — сол заңға бағынатын әлеуметтік күш. *Намыс бар жерде ар сыналады* [7; 63]. М. Әуезовте ар мен намыс қоғамдық сана деңгейінде сыналады, мұны 2-кестеде көрсетілген тілдік репрезентациядағы айырмашылықтардан байқауға болады.

## Ар мен намыс концептілерінің когнитивтік құрылымы

Когнитивтік қабат	Ар	Намыс	Авторлық айырмашылық
Ядро	Ішкі моральдық заң	Әлеуметтік беделді қорғау	Әуезов — философиялық, Қазиев — тұрмыстық
Мотивациялық негіз	Ұят, иман, әділет	Абырой, ру, қоғамдық қысым	Әуезовте — тарихи, Қазиевте — психологиялық
Бағалаушы модус	Позитивті абсолют	Шартты (армен өлшенеді)	Қазиевте намыс жиі сыналады
Қақтығыс нүктесі	Ар-ру дәстүрі	Намыс ақыл	Әуезов — әлеуметтік, Қазиев — жеке деңгей

Қазақ тілдік санасында «Ар» концептісі ең алдымен адамның ішкі моральдық өлшемімен байланысты күрделі рухани категория ретінде танылады. Оның ядросында ұят, адалдық, рухани тазалық, жауапкершілік сияқты базалық семалар орналасады. «Ар» — адамның өзін-өзі іштей бағалау механизмі, яғни ішкі сот қызметін атқаратын моральдық тетік. Сондықтан қазақ дүниетанымында *Ар ұялар іс қылма, Ар алдында ақ бол, ар-намыс, арға тию, ар соты, ар алдында жауап беру* деген тіркестер адамның әрекетін сыртқы бақылаудан гөрі ішкі жауапкершілік арқылы реттеуді меңзейді. «Намыс» концептісі қазақ тілдік санасында белсенді, әрекетке бағытталған рухани күш ретінде қалыптасқан. Оның ядросында қадір-қасиет, абырой, ерлік, жігер, қорғау семалары орналасады. Егер «ар» ішкі өлшем болса, «намыс» сол өлшемді қорғауға бағытталған динамикалық қуат ретінде көрінеді. Мысалы, «Ер намысы — ел намысы», «Намыс үшін жан пида» деген мақал намыстың тек жеке адамға емес, тұтас қауымға қатысты екенін көрсетеді. Бұл жерде намыс — әлеуметтік әрі ұлттық деңгейдегі құндылық.

Қ. Қазиев пен М. Әуезов шығармаларындағы ар-намыс концептілері ұлттық дүниетаным негізінде ортақ болғанымен, олардың көркемдік жүзеге асуында авторлық айырмашылық айқын көрінеді. Қ. Қазиев арды адам жанының ішкі тазалығы ретінде, ал намысты соған бағынышты сезім ретінде көрсетсе, М. Әуезов арды тарихи-философиялық деңгейге көтеріп, намысты қоғамдық сана өлшемі ретінде бейнелейді. Осылайша екі қаламгердің туындылары қазақ мәдениетіндегі моральдық құндылықтардың көпқырлы табиғатын танытады.

**Еңбек концепті.** Көркем мәтін тілін талдау барысында жазушының сөздік қолданысындағы ұлттық мәдени ақпаратты жеткізетін тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, нақыл сөздер мен халық тілінде орныққан оралымдардың маңызы ерекше. Мұндай тілдік бірліктер көркем туындының эстетикалық қуатын арттырып қана қоймай, оқырманға рухани әсер етеді. Мәселен, *сүттей ұйыған отбасы* тіркесі — берекесі мен бірлігі жарасқан, адал еңбек арқылы тіршілік етіп отырған отбасының бейнесін танытса, *сергелдең өмір* тіркесі — адамды әуре-сарсаңға салған, тағдыр тауқыметін бейнелейтін ұғым ретінде қолданылады. Осы тұста қарама-қарсы мәндегі сөздердің қатар келуі арқылы автор отбасы ішіндегі жағдайды бейнелі әрі әсерлі түрде суреттейді. Тілімізде қарсы мәнді сөздерді ақын-жазушылар қатар қолданып, шығарманың көркемдік қуатын арттыру мақсатында пайдаланады [9]. Жалпы, қарама-қарсылық ұғымдар тек тіл мен әдебиетке ғана тән емес, өмірдің өзінде де қарама-қайшы құбылыстар жиі ұшырасады. Ал көркем мәтінде антонимдік қатарлардың қолданылуы экспрессивті реңк беріп, тілдің бейнелілік мүмкіндігін кеңейтеді [10]. Когнитивті лингвистика тұрғысынан алғанда, антитеза құбылысы адам санасында зат пен құбылысты шендестіре қабылдау арқылы тіл мен танымның бірлігінде сипатталады. Адам санасындағы концептуалдық жүйе логикалық заңдылықтарға сүйеніп құрылады және бір концептіден екінші концептіге ауысу, бұрыннан бар концепт негізінде жаңа ұғым қалыптастыру үдерістерін қамтиды [11]. Осы тұрғыдан жазушы шығармашылығын *еңбекқорлық — жалқаулық* концептілері аясында талдау өзге де концептуалдық құрылымдарды айқындауға мүмкіндік береді.

*«Төрт жыл бойы бораған оқ астынан аман келіп, әлдекімдердің қолынан қаза тапқаны аянышты, — деп Рауан өкініш білдірді.*

– *Өзі де өрт еді, өрттігінен кетті ғой.*

– *Қазасы қалай еді? — деп, тау жақтан жуырда көшіп келген Найзабек сөзге араласты.*

– *Омырауы толы орден бола тұрып, әлдекімдер құсап шіренбестен, әскерден оралысымен колхоздың сиырын алмап па еді.*

– *Апырай десеңші! — деп Рауан қайта үн қатты.*

– Кейбіреулер көне шенелі тозғанша кердеңдеп, өкімет темір үй сап береді деп, шөп басын сындырмай жатқанда, мына азамат келе сап киілігіп еді-ау.

– Жұмыс десе, жанын салушы еді, – деп Имаш сөзін жалғастырды. — Жазғанның өлеріне көрінді ме, таңның атысы, күннің батысы малдың соңын бермеуші еді» [8; 159].

Берілген үзіндіде кейіпкер сөзі арқылы автор сол кезеңдегі еңбек адамының шынайы бейнесін көрсетеді. *Өрт* сөзіне адамды телу арқылы жасалған метафора кейіпкердің еңбекке деген ерекше құлшынысын, ішкі қуатын бейнелейді. Мұндай метафоралық қолданыстарда бағалаушы мағына айқын көрініс табады [12]. Зерттеуші Н. Сәткенованың пікірінше, метафораның бағалаушылық қызметі кейіпкердің белгілі бір затқа немесе құбылысқа берген көзқарасын, оның қасиеті мен күйін танытудың тиімді тәсілі [13; 53]. Ал Дж. Лакофф пен М. Джонсон метафораны адамның танымымен тікелей байланыстырып, «метафорасыз өмір жоқ, өмірдің өзі метафора» екенін атап көрсетеді [14]. Повестегі *шөп басын сындырмау* секілді тілдік бірліктер жалқаулық концептісін танытса, *жұмыс десе жанын салу, таңның атысы, күннің батысы* тіркестері еңбекқорлық концептісінің мазмұнын ашады.

«Бел бекіп, бұғана қатайғалы қасында ержеткен қасиетті мекен зой. Қаниша шапсаң да мұрты ойылмайтын ну шалғын болушы еді. Шөбі қандай жұғымды! Қақаған аязда гүл иісі аңқыған көк балаусаны күртілдете шайнаған жануарларға қарап тұрудың өзі бір ганибетті. Мал емген кісіге шөп жинаудан артық не бар? Жаз бойы жал жалды құалай, бау-бау дестені шөмелелеп, тырбаңдайтын да жататынбыз» [8; 199]. Мұндағы *мал емген кісі* тіркесі адал еңбекпен күнелткен, маңдай терінің жемісін көрген адам мағынасында жұмсалған [15; 163]. Повесте Жамбыл облысындағы Кербұлақ ауылының тұрмыс-тіршілігі, ауыл адамдарының күнделікті еңбегі нақты суреттеледі. Қазақ халқы үшін төрт түліктің өмірдегі орны ерекше екені «Мал-жан аман ба?» деген амандасу үлгісінен-ақ байқалады. Бұл тіркестердің қалыптасуында ұлттық кәсібі мен салт-дәстүрінің ықпалы айқын сезіледі. «Сыры кетсе де, сыны кетпеген шеше тіршілігін ойлап жатып ұйқыға кетіппін...» [8; 173]. Бұл тұрақты тіркес арқылы автор ана бейнесін асқақтата суреттейді. Ана еңбегі, төзімі мен бейнетқорлығы қысқа да нұсқа тілдік оралым арқылы терең мағынада жеткізіледі. Шығармада мұндай тіркестер сирек қолданылғанымен, қазақ әйелінің жинақы да еңбекқор бейнесін тануға толық мүмкіндік береді. «– Басы екеудің малы екеу, – деген зой, алтыным. Өзіңнен артылатын қайбір кеңесім бар менің, – деп орнынан түрегелді» [8; 17].

Ана аузынан шыққан бұл мақал қазақ танымындағы отбасы құру, шаңырақ көтеру ұғымының маңызын көрсетеді. Мақал-мәтелде халықтың тарихи тәжірибесі, дүниетанымы мен мәдени коды жинақталғаны белгілі. Зерттеуші Г. Әділованың пікірінше, көркем мәтін тілінде жалпы халықтық лексика-фразеологиялық бірліктермен қатар ауыз әдебиетіне тән мақал-мәтелдер мен бұрынғы ақын-жазушылардың сөз қолданыстары да жиі ұшырасады [16; 18].

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында еңбек концептісі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен астаса отырып, терең философиялық мазмұнда көрінеді. Автор еңбекті тек күнкөріс көзі ретінде емес, адам болмысының мәнін айқындайтын рухани-этикалық құндылық деңгейінде суреттейді [17]. Еңбек — адамды кемелдікке жетелейтін, жалқаулық пен тоғышарлыққа қарсы қойылған басты ұғымдардың бірі. Романда еңбек концептісі ең алдымен Абай бейнесі арқылы көрінеді. Абай үшін еңбек — тән еңбегімен қатар, ой еңбегі, рухани ізденіс, білімге ұмтылыс. *Еңбексіз ғылым жоқ* [7; 18]. Бұл тұжырымда еңбек концептісі білім, ғылым, ақыл концептілерімен тікелей байланыста беріледі [18]. Еңбек — адамды рухани өсіретін күш ретінде танылады. Абайдың ішкі толғаныстары мен ойшылдық бейнесі еңбектің интеллектуалдық сипатын алға шығарады. Ол қара күшке ғана сүйенген еңбекті емес, саналы, мақсатты еңбекті жоғары қояды. Романдағы ауыл өмірі, көшпелі тұрмыс көріністері арқылы еңбек қазақ қоғамының өмір сүруінің негізгі шарты ретінде суреттеледі. Мал бағу, жер өңдеу, қолөнер — барлығы да еңбек концептісінің этномәдени қырын ашады. *Ел еңбегі — жер ырысы* [7; 45].

Бұл тіркесте еңбек пен жер концептілері өзара тығыз байланыста көрініп, ұлт дүниетанымындағы еңбекке деген көзқарас аңғарылады. Романда еңбек концептісі жалқаулық, кердеңдік, масылдық ұғымдарымен қарама-қарсы қойылады. Автор еңбексіз өмірді рухани құлдыраудың себебі ретінде көрсетеді. *Еңбек қылмай ел түзелмес* [7; 69].

Мұнда еңбек қоғамдық дамудың басты тетігі ретінде концептуалданады. Кейбір кейіпкерлердің еңбектен қашуы, руға немесе байлыққа сүйеніп өмір сүруі — әлеуметтік теңсіздік пен рухани тоқыраудың белгісі ретінде беріледі. «Абай жолы» романында еңбек концептісі мынадай тілдік бірліктер арқылы көрінеді: лексикалық: *еңбек, маңдай тер, бейнет, кәсіп, тіршілік*, фразеологиялық:

маңдай терімен табу, бейнеттің зейнеті, метафоралық: еңбек — өмірдің өзегі, тіршіліктің тірегі, антитезалық: еңбек — жалқаулық, бейнет — рахат. Бұл тілдік құралдар еңбек ұғымының мәдени, моральдық және философиялық қабаттарын ашады [19]. М. Әуезов еңбекті қазақ халқының ұлттық мінезімен, өмір салтымен, әлеуметтік жауапкершілікпен байланыстыра суреттейді. Еңбек — адамды адам ететін, қоғамды алға бастайтын құндылық ретінде бағаланады [20]. Бұл концепт Абайдың «толық адам» ілімімен де сабақтас. «Абай жолы» роман-эпопеясында еңбек концептісі жеке адамның рухани кемелденуі мен халықтың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін негізгі құндылық ретінде көрінеді. Автор еңбекті жалқаулыққа қарсы қоя отырып, оны адамгершілік, білім, ар мен жауапкершілік концептілерімен бірлікте қарастырады. Осы арқылы М. Әуезов еңбек ұғымын ұлттық дүниетаным мен жалпыадамзаттық философия деңгейіне көтереді [21].

4 - к е с т е

**«Еңбек» концептісінің аналитикалық кестесі**

№	Концепт қырлары	Мазмұндық сипаттамасы	Тілдік репрезентанттар	Мысалдар	Мәдени-танымдық мәні
1	Әрекеттік (процессуалдық)	Еңбек — мақсатты әрекет, күш жұмсау	еңбек ету, жұмыс істеу, тер төгу	«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»	Қимыл-қозғалыс арқылы нәтижеге жету
2	Әлеуметтік	Қоғамдық қатынас, кәсіп, мамандық	қызмет, кәсіп, шаруа	«адал еңбек», «қоғамдық еңбек»	Қоғамдық жауапкершілік, әлеуметтік статус
3	Экономикалық	Табыс көзі, материалдық игілік өндіру	еңбек ақы, өнім, табыс	«еңбек нарығы», «еңбек өтілі»	Экономикалық құндылық қалыптастыру
4	Адамгершілік-этикалық	Адалдық, маңдай тер, жауапкершілік	адал еңбек, маңдай тер	«маңдай терімен тапқан»	Еңбекті моральдық құндылық ретінде бағалау
5	Рухани- танымдық	Өзін-өзі дамыту, шеберлік	өнер, машық, дағды	«еңбек — өмір мәні»	Жеке тұлғалық қалыптасу
6	Психологиялық	Табандылық, төзім, ерік	тынымсыз еңбек, қажыр	«еңбегі еш болды»	Еңбек пен эмоциялық күй байланысы
7	Этномәдени	Ұлттық дүниетанымдағы еңбек культі	төрт түлік бағу, егіншілік	«еңбек — ырыстың бұлағы»	Қазақ мәдениетіндегі тіршілік философиясы

«Абай жолы» романында «еңбек» концептісі мынадай тілдік деңгейлер арқылы көрінеді: негізгі лексемалар (*еңбек, шаруа, бейнет, жалшы, кедей шаруа, бай ауылы, малай, қоңсы егін салу, жер жырту, мал бағу, қыстау қамы, жайлау көші*), әлеуметтік атаулар (*жалшы, кедей, бай,*), фразеологизмдер (*маңдай тер, табан ақы, жалшылықта жүру, шаруаға жұмсау, ауылдың қара жұмысы, егіннің бабын табу, мал соңында жүру*), интеллектуалдық бірліктер (*іздену, оқу қуу, оқу іздеу, іздену, кітапқа үңілу, ойға шому, толғану, білім қуу, ғылым іздеу, кітаптан бас алмау, ой еңбегі, ғылым жолы, ізденіс үстінде*), этномәдени атаулар (*жайлау, қыстау, күзеу, көктеу, мал өрісі, қора-қопсы, соғым, шөп шабу, жайлауға көшу, қыстауға қамдану, мал өргізу, шөпке шығу*). Экспрессивтік-эмоциялық қабат: *қара терге түсу, титықтау, бейнет көру, шаршау, қажу, тыным таппау, «бейнеттің зары», «тіршілік үшін арпалыс», «табан ақы, маңдай тер», «қара жұмыс»*. Осы тілдік бірліктер концептінің когнитивтік моделін нақты мәтіндік материалмен дәлелдеуге мүмкіндік береді [22].

*Қорытынды*

Көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдарды лингвомәдени аспектіде талдау ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін терең түсінуге мүмкіндік береді [23]. Зерттеу барысында көркем шығарма тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен бірге халықтың тарихи жадын, рухани тәжірибесін және мәдени кодын сақтаушы танымдық кеңістік екені айқындалды. Концепт, фрейм, метафора, символ тәрізді құрылымдар арқылы ұлттық мәдени мағыналар жүйесі көркем мәтінде кешенді түрде ұйымдасатыны анықталды.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Қ. Қазиев шығармаларын салыстырмалы түрде талдау қазақ әдебиетіндегі базалық лингвомәдени концептілердің көркемдік интерпретациясын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері бойынша жер, ар, намыс, еңбек концептілері қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы іргелі құндылықтар жүйесін бейнелейтін негізгі концептуалдық тіректер екені дәлелденді.

Жер концептісі екі авторда да ұлттық болмыстың өзегі ретінде көрінеді. М. Әуезов шығармасында жер тарихи жады мен әлеуметтік кеңістіктің символы болса, Қ. Қазиев туындыларында ол рухани тірек, ана бейнесімен астасқан сакралды ұғым ретінде тереңдетіледі. Осылайша жер концептісі кеңістік ұғымынан рухани-мәдени категория деңгейіне көтеріледі.

Ар және намыс концептілері қазақ дүниетанымындағы моральдық иерархияны айқындайды. Әуезов прозасында ар — философиялық-этикалық заң, ал намыс — әлеуметтік өлшем ретінде көрінсе, Қазиев шығармаларында ар жеке тұлғаның ішкі рухани тазалығымен, ал намыс эмоциялық-әлеуметтік реакциямен байланыстырылады. Екі қаламгер де арды адам болмысының ең жоғары құндылығы ретінде танытады.

Еңбек концептісі шығармаларда адамгершілік, жауапкершілік, рухани кемелдену идеяларымен сабақтасып беріледі. Әуезовте еңбек қоғамдық дамудың және «толық адам» идеясымен ұштасқан философиялық категория болса, Қазиев шығармаларында ол күнделікті тіршіліктің шынайы көрінісі арқылы ұлттық мінездің белгісі ретінде ашылады.

Зерттеу нәтижелері көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың ұлттық мәдени ақпаратты сақтаушы әрі тасымалдаушы когнитивтік жүйе екенін дәлелдейді. Әр жазушы ұлттық концептілерді өзіндік стильдік, дүниетанымдық тұрғыда интерпретациялай отырып, олардың мазмұнын жаңа ассоциациялармен байытады. Осылайша көркем мәтіндегі концептуалдық құрылымдарды лингвомәдени бағытта зерттеу тіл мен мәдениет бірлігін, ұлттық дүниетанымның көркем санадағы көрінісін және авторлық әлем бейнесін танудың тиімді ғылыми жолы.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Pishghadam R. An introduction to cultuling analysis in light of variational pragmatics: A step toward euculturing / R. Pishghadam, S. Ebrahimi, E. Naji Meidani, A. Derakhshan // *Journal of Research in Applied Linguistics*. — 2020. — Vol. 11. — Iss. 2. — P. 44–56. DOI: 10.22055/RALS.2020.15945
- 2 Pishghadam R. Emo-sensory expression at the crossroads of emotion, sense, and language: A case of color-emotion associations / R. Pishghadam, S. Shayesteh // *International Journal of Society, Culture & Language*. — 2017. — Vol. 5. — Iss. 2. — P. 15–25. DOI: 10.22034/ijsc.2017.2.2
- 3 Pishghadam R. Emotency: a post-linguistic approach toward vocabulary learning and retention / R. Pishghadam, S. Shayesteh // *Sri Lanka Journal of Social Sciences*. — 2016. — Vol. 39. — Iss. 1. — P. 27–36. DOI: 10.4038/sljss.v39i1.7400
- 4 Nurgali K. Translating ethnocultural markers in Oralkhan Bokeev’s prose: Interplay of translation strategies, cultural context, and literary significance / K. Nurgali, M. Ternavskaya, G. Rakhimbayeva, R. Nurgali, K. Aubakirova // *Forum for Linguistic Studies*. — 2025. — Vol. 7. — Iss. 10. — P. 99–112. DOI: 10.30564/fls.v7i10.9717
- 5 Yasin A. Linguistic analyses of rhymed proverbs, idioms and fixed expressions in Jordanian Arabic / A. Yasin, W. AlQtaishat, W. Aladwan, I. Hussein // *Forum for Linguistic Studies*. — 2025. — Vol. 7. — Iss. 10. — P. 338–355. DOI: 10.30564/fls.v7i10.10981
- 6 Aitkulova G. The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World / G. Aitkulova, R. Avakova, Z. Zhantasova // *International Journal of Society, Culture & Language*. — 2023. — Vol. 11. — Iss. 2. — P. 94–102. DOI: 10.22034/ijsc.2023.2000804.3011
- 7 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея [2 кітап] / М. Әуезов. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 1-ші кітап. — 169 б.
- 8 Қазиев Қ. Таңдамалы шығармалары / Қ. Қазиев. — Алматы: Айғаным, 2014. — 266 б.
- 9 Aitkulova G.A. Linguocultural Features of the Concept “Diligence / Laziness” in the Kazakh Language / G.A. Aitkulova, D.A. Islam, R.B. Kazhiakbarova // *Ясауи университетінің хабаршысы*. — 2025. — № 3 (137). — P. 66–77. DOI: 10.47526/2025-3/2664-0686.234
- 10 Авакова Р.А. Әлем тілдеріндегі түркізмдердің зерттелу мәселесі / Р.А. Авакова, К.Б. Сұлтанбек, А.Қ. Көкसेгенов // *Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы*. — 2023. — № 1 (189). — 4–12-б. DOI: 10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph1
- 11 Айтқұлова Г.А. Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық/жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері / Г.А. Айтқұлова, Д.А. Ислам // *Ясауи университетінің хабаршысы*. — 2023. — № 2 (128). — 125–136-б. DOI: 10.47526/2023-2/2664-0686.10

- 12 Авакова Р.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомәдени ерекшеліктері / Р.А. Авакова, Г.А. Айтқұлова, Д.С. Розиева, М.Е. Алибекова // ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. — 2024. — № 1 (72). — 12–20-б. DOI: 10.48371/PHILS.2024.72.1.002
- 13 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша) / Ж.Б. Саткенова. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 126 б.
- 14 Лакофф Дж. Метафоры, которыми мы живем / Дж. Лакофф, М. Джонсон; под ред. А.Н. Баранова; пер. с англ. А.Н. Баранова, А.В. Морозовой. — Москва: Едиториал УРСС, 2004. — 256 с.
- 15 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І. Кеңесбаев. — Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. — 711 б.
- 16 Адилова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы / А.С. Адилова. — Алматы: Эверо, 2015. — 252 б.
- 17 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: мақалалар, баяндамалар жинағы / Ә. Қайдар. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. — 520 б.
- 18 Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің этномәдени лексикасы / Ж.А. Манкеева. — Алматы: Ғылым, 2008. — 356 б.
- 19 Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты / С.Г. Воркачев // Известия РАН. Серия литературы и языка. — 2004. — Т. 63, № 6. — С. 47–58.
- 20 Лихачёв Д.С. Концептосфера русского языка / Д.С. Лихачёв // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. — 1993. — Т. 52, № 1. — С. 3–9.
- 21 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: монография / Э.Н. Оразалиева. — Алматы: АН Арыс, 2007. — 284 б.
- 22 Сопиева Б.А. Қазақстанның медиадискурсы лингво когнитивтік аспект айнасында / Б.А. Сопиева, А.А. Алдабергенова, Ж.Т. Оспанова // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. — 2025. — № 4 (79). — 372–386-б. DOI: 10.48371/PHILS.2025.4.79.026
- 23 Langacker R.W. Foundations of Cognitive Grammar. Vol. 1: Theoretical Prerequisites / R.W. Langacker. — Stanford: Stanford University Press, 1987. — 516 p.

К.М. Хамзина, Л.К. Баймыш, Г.А. Айтқұлова, Ш.А. Бакирова

### Лингвокультурные особенности концептуальных структур в художественном тексте

В статье когнитивная природа концептуальных структур в художественном тексте рассматривается с лингвокультурной и этнокогнитивной точек зрения. Концепт, являющийся основной единицей когнитивной лингвистики, характеризуется как ментальная структура, отражающая языковую картину мира, сформированную в национальном языке и тесно связанную с культурным сознанием и историческим опытом народа. Концепт аккумулирует культурное бытие и духовные ценности народа и выступает одним из ключевых компонентов познания национального мировосприятия. В этом аспекте художественный текст является важным источником, позволяющим комплексно выявить языковые, семантические и культурные слои концептов. Актуальность исследования определяется необходимостью выявления когнитивной сущности концептуальных структур в художественном тексте, что способствует раскрытию закреплённых в этнокультурном сознании, передающихся из поколения в поколение ёмких и глубоких мировоззренческих представлений и национальных культурных ценностей. В статье в сопоставительном аспекте анализируются особенности национального мировосприятия и когнитивный характер концептуальных структур в произведениях К. Казиева «Иманжапырақ», «Менің шешем» и в романе-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая». Основная цель исследования — определить языковую репрезентацию концептов в указанных произведениях и охарактеризовать их роль и функции в национальной картине мира. Для достижения поставленной цели использовались описательный метод, этнолингвистический и концептуальный анализ, а также элементы ассоциативного эксперимента. Теоретической базой послужили фундаментальные труды отечественных и зарубежных учёных в области когнитивной лингвистики. В качестве основных объектов анализа рассмотрены концепты «земля», «честь», «совесть» и «труд». Концепт «земля» в казахском художественном тексте выступает не только как географическое пространство, но и как символ исторической памяти, духовной целостности, наследия предков и социальных отношений. В романе М. Ауэзова земля связана с судьбой народа, тогда как в произведениях К. Казиева она соотносится с образом матери-земли и приобретает духовно-нравственное значение. Концепт «совесть» отражает внутренний духовный закон человека и его моральную чистоту, а концепт «честь» проявляется в социальном и коллективном измерении. Авторы репрезентируют концепты посредством лексических единиц, фразеологизмов, метафор и синтаксических конструкций. Концепт «труд» выражается через языковые средства, передающие национальные традиции, быт и моральные ценности. В результате исследования выявлены языковые особенности и семантический диапазон концептуальных структур в художественном тексте, а

также определено языковое отражение понятий труда и безделья в народном сознании. Полученные выводы подтверждают значимость когнитивного подхода к изучению художественного текста.

*Ключевые слова:* художественный текст, лингвокультурный аспект, культурный код, когнитивная лингвистика, концептуальные структуры.

K.M. Khamzina, L.K. Baymysh, G.A. Aitkulova, Sh.A. Bakirova

## Linguocultural Features of Conceptual Structures in Literary Texts

The article examines the cognitive nature of conceptual structures in literary texts from linguocultural and ethnocognitive perspectives. A concept, recognized as the central unit of cognitive linguistics, is defined as a mental structure that reflects a linguistically shaped worldview and is closely connected with a people's cultural consciousness and historical experience. Concepts accumulate spiritual values, collective knowledge, and culturally significant meanings, thus serving as key elements in representing national identity and worldview. In this context, literary texts function as an important source for identifying the linguistic, semantic, and cultural layers of conceptual meaning in an integrated manner. The relevance of the study is determined by the necessity of revealing how conceptual structures in literary discourse preserve and transmit culturally marked worldview elements rooted in ethnocultural consciousness and passed down through generations. The research provides a comparative analysis of conceptual structures and features of national worldview in K. Kaziev's works "Imanzhapyraq" and "Menin Sheshem", as well as in M. Auezov's epic novel "The Path of Abai". The main objective of the study is to determine the linguistic representation of concepts in these texts and to describe their role and functions within the national worldview. To achieve this goal, descriptive, ethnolinguistic, and conceptual analysis methods were applied, together with elements of an associative approach. The theoretical framework is based on fundamental works in cognitive linguistics by both domestic and international scholars. The analysis focuses on the concepts of land, honor, conscience, and labor. In Kazakh literary discourse, land symbolizes historical memory, spiritual continuity, and ancestral heritage. Honor and conscience represent moral and social values regulating individual and collective behavior, while labor embodies traditional ethics, everyday life, and cultural norms. These concepts are verbalized through lexical units, phraseological expressions, metaphors, and syntactic structures. The findings reveal the semantic scope and linguistic specificity of conceptual structures in literary texts and confirm the significance of cognitive approaches in studying the interrelation between language, culture, and national worldview.

*Keywords:* literary text, linguocultural perspective, cultural code, cognitive linguistics, conceptual structures.

## References

- 1 Pishghadam, R., Ebrahimi, S., Naji Meidani, E., & Derakhshan, A. (2020). An introduction to cultuling analysis in light of variational pragmatics: A step toward euculturing. *Journal of Research in Applied Linguistics*, 11 (2), 44–56. DOI: 10.22055/RALS.2020.15945
- 2 Pishghadam, R., & Shayesteh, S. (2017). Emo-sensory expression at the crossroads of emotion, sense, and language: A case of color-emotion associations. *International Journal of Society, Culture & Language*, 5 (2), 15–25. DOI: 10.22034/ijsc.2017.2.2
- 3 Pishghadam, R., & Shayesteh, S. (2016). Emotioncy: a post-linguistic approach toward vocabulary learning and retention. *Sri Lanka Journal of Social Sciences*, 39 (1), 27–36. DOI: 10.4038/sljss.v39i1.7400
- 4 Nurgali, K., Ternavskaya, M., Rakhimbayeva, G., Nurgali, R., & Aubakirova, K. (2025). Translating ethnocultural markers in Oralkhan Bokeev's prose: Interplay of translation strategies, cultural context, and literary significance. *Forum for Linguistic Studies*, 7 (10), 99–112. DOI: 10.30564/fls.v7i10.9717
- 5 Yasin, A., AlQtaishat, W., Aladwan, W., & Hussein, I. (2025). Linguistic analyses of rhymed proverbs, idioms and fixed expressions in Jordanian Arabic. *Forum for Linguistic Studies*, 7 (10), 338–355. DOI: 10.30564/fls.v7i10.10981
- 6 Aitkulova, G., Avakova, R., & Zhantasova, Z. (2023). The Concept of "Diligence/Laziness" in the Linguistic Image of the World. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11 (2), 94–102. DOI: 10.22034/ijsc.2023.2000804.3011
- 7 Auezov, M. (1997). *Abai zholy: Roman-epopeia, birinshi kitap* [The Path of Abai: An epic novel, the first book]. Almaty: Zheti zhargy [in Kazakh].
- 8 Kaziev, K. (2014). *Tandamaly shygarmalary* [Selected works]. Almaty: Aiganym [in Kazakh].
- 9 Aitkulova, G.A., Islam, D.A., & Kazhiakbarova, R.B. (2025). Linguocultural Features of the Concept "Diligence / Laziness" in the Kazakh Language. *Yasau universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University*, 3 (137), 66–77. DOI: 10.47526/2025-3/2664-0686.234.
- 10 Avakova, R.A., Sultanbek, K.B., & Koksegenov, A.Q. (2023). Alem tilderindegi turkizmderdin zerttelu maselesi [The problem of studying Turkisms in world languages]. *Qazaq Ul'tyq Universitetinin khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology series*, 1 (189), 4–12. DOI: 10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph1 [in Kazakh].

- 11 Aitkulova, G.A., & Islam, D.A. (2023). Ultyq paremiologiadagy «enbekqorlyq/zhalqaulыq» kontseptinin tildik ereksheleikteri [Linguistic features of the concept of “diligence/laziness” in national paremiology]. *Yasawi universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University*, 2 (128), 125–136. DOI: 10.47526/2023-2/2664-0686.10 [in Kazakh].
- 12 Avakova, R.A., Aitkulova, G.A., Rozieva, D.S., & Alibekova, M.E. (2024). Qazaq zhane agylshyn tilderindegi paremiialardyn lingvomadani ereksheleikteri [Linguocultural features of paremiias in Kazakh and English]. *Abylai khan atyndagy Qazaq khalyqaralyq qatynastar zhane alem tilderi universiteti khabarshysy. “Filologia gylymdary” seriiasy — Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological Sciences”*, 1 (72), 12–20. DOI: 10.48371/PHILS.2024.72.1.002 [in Kazakh].
- 13 Satkenova, Zh.B. (2015). *Keiipker tilinin kognitivtik aspektisi (B. Soqpaqbaev shygarmalary boiynsha)* [Cognitive aspect of the character’s language (based on the works of B. Sokpakbaev)]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 14 Lakoff, Dzh., & Dzhonson, M. (2004). *Metaforы, kotorymi my zhivem* [Metaphors We Live By]. Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 15 Kenesbaev, I. (1977). *Qazaq tilinin frazeologiialyq sozdigi* [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Qazaq SSR-nin «Gylym» baspasy [in Kazakh].
- 16 Adilova, A.S. (2015). *Qazirgi qazaq korkem matinderindegi tsitatsiia qubylysy* [The phenomenon of citation in modern Kazakh literary texts]. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 17 Kaidar, A. (2014). *Gylymdagy gumyr: maqalalar, baiandamalar zhinagy* [Life in science: collection of articles, reports]. Almaty: “Sardar” baspa uii [in Kazakh].
- 18 Mankeeva, Zh.A. (2008). *Qazaq tilinin etnomadeni leksikasy* [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 19 Vorkachev, S.G. (2004). Kontsept schastia: poniatiinyi i obraznyi komponenty [The concept of happiness: conceptual and figurative components]. *Izvestiia Rossiiskoi Akademii Nauk. Seriya literatury i yazyka — Proceedings of the Russian Academy of Sciences. Series of Literature and Language*, 63 (6), 47–58.
- 20 Likhachev, D.S. (1993). Kontseptosfera russkogo yazyka [The concept sphere of the Russian language]. *Izvestiia Akademii nauk SSSR. Seriya literatury i yazyka — Proceedings of the USSR Academy of Sciences. Series of Literature and Language*, 52 (1), 3–9.
- 21 Orazalieva, E.N. (2007). *Kognitivtik lingvistika: qalyptasuy men damuy* [Cognitive linguistics: formation and development]. Almaty: An Arys [in Kazakh].
- 22 Sopieva, B.A., Aldabergenova, A.A., & Ospanova, Zh.T. (2025). Qazaqstannyn mediadiskursy lingvo kognitivtik aspekt ainasynnda [Media discourse of Kazakhstan in the mirror of the linguo-cognitive aspect]. *Abylai khan atyndagy Qazaq khalyqaralyq qatynastar zhane alem tilderi universiteti khabarshysy. “Filologia gylymdary” seriiasy — Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological Sciences”*, 4 (79), 372–386. DOI: 10.48371/PHILS.2025.4.79.026 [in Kazakh].
- 23 Langacker, R.W. (1987). *Foundations of Cognitive Grammar. Vol. 1: Theoretical Prerequisites*. Stanford: Stanford University Press.

#### Information about the authors

**Khamzina, Karlygash Mauenovna** — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda Technical University named after A. Saginov, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: [jako199473@gmail.com](mailto:jako199473@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2367-2082>

**Baymysh, Laura Kurmanalikyzy** — Candidate of Philological Sciences, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: [baymyshl@mail.ru](mailto:baymyshl@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4166-5429>

**Aitkulova, Gulmira Aripkanovna** — PhD in Philology, Zhe. A. Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: [aitkul\\_gum1985@mail.ru](mailto:aitkul_gum1985@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6031-7507>

**Bakirova, Sholpan Abdikerimovna** — Candidate of Philological Sciences, Zhe. A. Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: [sholpan.2030@mail.ru](mailto:sholpan.2030@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8197-2711>